

"Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының аумағында барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу және кандидаттарға сайлаушылармен кездесу өткізу үшін үй-жай беру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 24 сәуірдегі № 93 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 20 қыркүйектегі № 128 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 21 қыркүйекте № 29715 болып тіркелді

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының аумағында барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу және кандидаттарға сайлаушылармен кездесу өткізу үшін үй-жай беру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 24 сәуірдегі № 93 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5387 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының атауы жаңа редакцияда жазылсын:

"Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының аумағында барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы";

көрсетілген қаулының кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 28 - бабы 6 - тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

көрсетілген қаулының 2 - тармағы алынып тасталсын;

көрсетілген қаулының 1 - қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын:

көрсетілген қаулының 2 - қосымшасы алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Есіл ауданының әкімі

М. Оспанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Есіл аудандық

сайлау комиссиясы

Есіл ауданы әкімдігінің
2022 жылғы 20 қыркүйектегі

№ 128 қаулысына
қосымша
Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы әкімдігінің
2019 жылғы 24 сәуірдегі
№ 93 қаулысына
1- қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының аумағында барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар

№	Елді мекеннің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар
1	Амангелді ауылы	Школьная көшесі, "Жанна" дүкеніне қарама-қарсы
2	Өрнек ауылы	Жастар көшесі, "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің су қысымды мұнарасы ғимаратының сол жағында
3	Бесқұдық ауылы	Абай көшесі, "Asil Grain Комарова" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ғимаратының оң жағында
4	Бұлақ ауылы	М.Жұмабаев көшесі, "Жанна" дүкенінің сол жағында
5	Волошинка ауылы	Московская көшесі, "Юлия" дүкенінің оң жағында
6	Заградовка ауылы	Новоселов көшесі, "Заградовское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ғимаратының оң жағында
7	Чириковка ауылы	Коваленко көшесі, "Агрофирма Есильское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ғимаратының оң жағында
8	Ильинка ауылы	Ленин көшесі, "Артемка" дүкенінің сол жағында
9	Корнеевка ауылы	Ленин көшесі, "Райгүл" дүкенінің сол жағында
		Ленин көшесі, "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Есіл ауданының білім бөлімі"

10	Николаевка ауылы	коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Асқар Игібаев атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында
11	Спасовка ауылы	Интернациональная көшесі, "Радуга" дүкенінің сол жағында
12	Петровка ауылы	Ленин көшесі, "Шолпан" дүкенінің оң жағында
13	Покровка ауылы	Октябрьская көшесі, Қазпошта бөлімшесінің сол жағында
14	Таранғұл ауылы	Новая көшесі, "Азия-Тарангул" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ғимаратының оң жағында
15	Ясновка ауылы	Молодежная көшесі, "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Есіл ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Ясновка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында
16	Явленка ауылы	Ыбыраев көшесі, "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Есіл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында